

АБАЙДЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ӨНЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКА-
СЕМАНТИКАЛЫҚ БАРА-БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ
(«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП» НЕГІЗІНДЕ)

Талшын Есентаева

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Магистранты

А.Байтұрсынов атап өткендей, Абай Құнанбаев – қазақтың бас ақыны және оның шығармасы халық өмірінің айнасы іспеттес. Ақынның қай туындысын алып қарасақ та қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, дүниетанымы, ойлау ерекшелігі, күйіну және сүйіну сипаты, сөйлеу мәдениеті терең көрініс табады. Осындай көркем туындыларының бірі – «Қараңғы түнде тау қалғып». Өлеңінің түпкі авторы – Гете. Гете немістің ескі саудагерлер қаласында дүниеге келген. Гете ең алғаш өзінің білім жолын өз үйіндегі шағын кітапханада бастаған. Оның бүкіл дүние жүзіне тараған шығармалары көп. Соның ішінде осы туындысының маңызы ерекше. Тәкен Әлімқұлов «Жұмбақ жан» атты еңбегінде ақынның бұл өлеңін 1778 жылы Рейн өзенінің бойындағы бір деревняға жаяу қыдырған сапарында шаруа үйінің қабырғасына жазып кеткен деген тұжырым айтады [1, 84]. Өлеңнің түпнұсқасы мынадай:

Ночная песнь странника [Wanderer's Nachtlied]

*Über allen Gipfeln
Ist Ruh,
In allen Wipfeln
Spürest du
Kaum einen Hauch;
Die Vögelein schweigen im Walde.
Warte nur, balde
Ruhest du auch.*

Абайдың шығармаларының екі томдық толық жинағында 1780 жылы қыркүйектің 6-сы күні Гете осы үйге алғаш рет келгенде, терезеден қарап тұрып, Тюрингия тауларының әсем көрінісіне сүйсінгендіктен, өлеңнің мәтінін есікке бормен жазып кетіпті делінген [2, 310]. Туынды жарыққа шыққаннан кейін өзге ұлт өкілдері қызыға аудары бастайды. Алғашқы болып 1892 ж. М.Ю. Лермонтов «Из Гете» деген атпен аударды. Лермонтовтан қазақ ақыны Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» тақырыбымен қазақ тіліне аударды. «Қараңғы түнде тау қалғып» (1893) – шығарманың тексті 1909 жылғы Абай жинақтарында Мүрсейіт қолжазбалары бойынша беріледі.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Лермонтов – аудармасында бұл туынды әрқайсысы 4 тармақты 2 шумақтан тұрады.

М.Ю. Лермонтовтың аудармасы

Горные вершины
Спят во тьме ночной;
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты.

Көлемі орысша нұсқасында да, Абайда да сегіз жол. Буын санынан айырмашылықтар болмаса, Абай өлеңді дәлме-дәл аударған. Лермонтов аудармасын біреулер еркін аударма десе, екіншілері Гете поэзиясына еліктеу түрінде аударылып жазылған десе Абай тура, дәлме-дәл аударған деп беріліп жүр [3, 311б.]. Орысша нұсқасы Гетенің «Über allan Gipfeln» «Над всеми вершинами» деген өлеңінің еркін аударылып, 1840 жылы «Отечественные записки» журналында, содан кейін неміс тілінде нұсқасында «Түнгі жолаушының әні» деген тақырып болған. Абай Гете өлеңінің поэтикалық әдемі әуезін айтпақ ойын терең мәнін аша білді. Сонымен қатар Абай өте шебер нақты аударылғанын өлеңінің мәтінін оқу арқылы көз жеткізуге болады. Өлең – Абай аудармаларының шоқтығы биік озық үлгісі.

Абайдың аудармасы

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013
Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Шаң шығармас жол дағы

Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің текстологиялық жағдайына мән беретін болсақ, өлеңнің екінші шумағының бастапқы екі жолы:

Сілкіне алмас жапырақ, –

деп басылған.

Ал 1909 жылғы жинақта:

Шаңдай алмас жол дағы,
Сыбырламас жапырақ, –

деп басылған.

Не пылит дорога,
Не дрожить листы.

Абайдың аудармашылық өнеріне назар аударатын болсақ, ондағы аударма жасау барысындағы лексика-семантикалық бара-барлық ерекшелігі бірден көзге түседі. Бұған куәгер аудармалардың бірі Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» шығармасы жалпы ұлы ақындардың дүниетанымы, өмірдегі көзқарастары ұқсас болып келеді. Мысалы, Гетеді «не доржит листы» деген сөз жоқ. Оны Лермонтов өз жанынан, қиялынан тебірену арқылы және өлеңді шамалы қысқартып, ширатып аударған.

Абайдың аудармасындағы синтаксистік құрылымында назар аудару қажет, сонымен қатар өлеңдегі шоғырларға топтастырылған сөйлемдерді синтаксистік тұтастық дегеннен гөрі, мағыналық тұтастық деген атау дәлірек болар. Дегенмен, сөйлемдерді біркелкі етіп құрастыру маңызды. Бірақ жеке-жеке шоғырларға бөлінбей, бір ғана бөліктен тұратын тұтас бір өлеңді немесе тармақ саны едәуір мол шоғырларды бір ғана синтаксистік тұтастық деп табу қиын. Тіпті кейде идея, тақырып біреу болғанмен, бұларда синтаксистік құралымы жағынан өз ішінен тағы бөлінетін сәттері байқалады.

Ал Абайдың «Өлеңдері мен аудармаларында» Лермонтовтың аудармасында «полны свежей мглой» деп берілген. Үш тілді толық меңгерген аудармашы Г. Бельгер Гетенің өлеңін неміс тіліндегі нұсқасымен жолма-жол аударып ұсынған [4, 70].

Над всеми вершинами

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Есть покой.
В каждой верхушке (макушке дерева)
Чувствуешь ты
Едва дуновение.
Птички молчат в лесу.
Подожди только, скоро
Отдохнешь ты тоже.

Абай аудармаларындағы лексика-семантикалық бара-барлықты сол туындының басқа аудармаларымен салыстыра отырып ашу қолайлы. Бұлай еткенімізде белгілі бір тексттің бір жағынан қиын қырларын көрсек, екінші жағынан жолма-жол аударма екенін байқау қиын емес [5, 30].

Абай осы аударма туындысында таудың өзіне жан бітіреді, оны алып батырға теңейді. Осындай суреттер қазақ жерінің сахарасына түгел ортақ. Жым-жырт дала да, салбыраған түні де, шаң шығармас жолы да, тыншығарсың сен дағы дегені де қазаққа түсінікті. Ал Абайдың азырақ сабыр қылсаң, сен де тыншығарсың деуінде бір астар жатыр. Қапырық күннен кейінгі түн тыныштығынан жанға жайлы сезім еседі. Абай осы сезімді керемет әсерлі жеткізген.

Сыншылдық және ғылыми ой-пікірдің өріс алар өзегі болып келген Абай мұрасына жаңаша көзқараспен қарау өлеңнің күрделілігін, тереңдігін айқын көрсетеді. Осы тұста Абайдың өз мұрасын зерттеуге байланысты нақты көтеріле бастаған тақырыптарды былай қойғанда, орыс, қазақ тілдерінде жариялануы абайтану ілімінің қарқынды қадам жасап жатқанына дәлел бола алады [6, 73]. Абай шығармаларына, әдебиет сынына қазақ әдебиетін ұлы ақын салып кеткен осы жолмен Абайтану ғылымының аудармалары әдебиет тарихында шешуші қадамдардың бірі. Атап айтсақ, Сауытбек Абдрахмановтың осы жайға «Төлтума және Телтума» атты еңбегінде ерекше назар аударатын тұстары бар. Абайдың аудармаларын таратушылар қазіргі шығармаларын үзік-үзік етіп жеткізбеген. Ресейде Абай жылы, Қазақстанда Пушкин Жылы өтіп жатқан тұста ұлы ақын Абайдың жасаған тәржімелеріне романдарды қалай аударғандығы тұрғысынан қараған [7, 30-31]. Белгілі сыншы, ғалым Тұрсынжан Шапай «Шын жүрек бір жүрек» зерттеуінде Лермонтовтың түні мен тыныштығы бояуы әбден кепкен полотодай біржола орнығып, тұрлау тапқан көрініс. Өлеңде бейнеленген табиғат тынымы өзекті пенденің әйтеуір бір өлетін ақиқатына меңзеу деп жорисың. Лермонтовтағы «отдохнешь» пен Абайдың «тыншығарсында» сол бейнелі бір терең трагизм жатқандай, – деп қорытындылайды. Абай шығармашылығында сыртқы қылыбы мен ішкі сырының құпиясын аштырмаған тылсым мен жұмбақ мол. Толық ашылуы мүмкін де емес – эстетикалық ортақ заңдылық. Әр ұрпақ,

танымның әр деңгейі өз сөзін айтады. Жұмбақтың шешіміне мәңгі жақындау – ең кең мағынадағы абайтану жолының мазмұны мен сипаты болмақ.

Алдыңғы екі ақындардағы сияқты Абайда да кеңістік ауқымы мен уақыт көлемінің қарым-қатынасында өзара сәйкестік бар. Гете мен Лермонтовта – вертикаль кеңістікпен «сен» деген нүктеге қадалған дәл осы мезет, дәл қазіргі шақ. Абайда – белгісіз, бейтарап уақыт: қазір-қазір емес, енді болатын, немесе, әйтеуір бір болатын, болуға тиіс, не болмаса, тіпті... күнде болатын нәрсе («оқиға»). Тау қалғып [кетер] – «қалғыды» емес. Түн басады – «түн басты» емес. Шаң шығармас пен сілкіне алмастың да болжамды келер шақтың мағынасы айқын. Осы өлеңді оқығанда еске түсіргенде, біз әрдайым өлеңнің өзінде жоқ бір терең мағыналар туралы ойланамыз. Және ол мағына сөзсіз бар деп білеміз. Жалпы шынайы өнер туындысының жалғыз ғана сырмен шектелмей, алуан түрлі мән-мағынасымен құбылатыны белгілі. Көрінген суреттің бояуынан, айтылған сөздің астарынан сарқылмас мағыналарөрістеп жататын құбылыс. Алдыңғы алты жолда ақын түнгі табиғат пен тыныштықтың бейнесін жасайды. Соңғы екі жол назар иесінің өзіне (не белгісіз, бейтарап «сен»-ге – жалпы адамға) қатысты сыр. Жаңағы алты жолдың әрқайсысы поэтикалық тұтас образдың (түн, тыныштық) шеңберінде тығыз тіркесіп, сатылай жылжыған метафорлық байланыстар тізбегінен тұрады: тау қалғиды, балбырайды, ұйқыға кетеді; дел-сал даланы салбыраптүн басады; жол шаң шығармайды, жапырақ сілкіне алмайды – бәрі де адамға тән әрекет, қимыл, күй, халді білдіретін метафораларлық етітіктер. Ал адамға қаратпа айтылған соңғы екі жолда мұндай айқын балама бейнелер жоқ – адамды «адамдандыру» қажетсіз. Алдыңғы жолдарда барынша «адамдандырылған» табиғат, мезгіл, кеңістік құбылыстары соңғы, түйінді екі жолдағы адамға қатысты күйге табиғи ұласады. Біртұтас тыныштық грмониясында тұтасып, өлең мзмұнының терең қабаттарын қамтылған потенциалды мағыналық оппозиция ослай айқындалады: *табиғат – адам*. Гетелік танымда, адам – табиғатпен тамырлас, тектес құбылыс. Ол да табиғаттың бір объектісі, табиғаттың ең биік жаратылысы. Адам ойы – табиғаттың өзін-өзі тану құралы. Сондықтан «Жолаушының түнгі жырындағы» түнгі табиғатты көруші назарды, ғалам тыныштығын сезінуші түйсікті – табиғаттың өз рухы деп тануға болады. Сол рух өз объектісі – адамға да сондай бір тынымды уәде етеді. Табиғаттың мәңгілігімен салыстырғанда – қас-қағым сәттік рух. Өзекті жанға өлшеп қана берген саналы тіршілік.

Өлеңнің «үстіңгі» қабатындағы астарлы байланыс, психологиялық параллелизм – ой-сезім, аңсар-зауқыңды алдымен осы аңғарға бұрады. Салбырап түн басқан табиғаттың тыншу күйі шалдыққан, шарасыз жұмыр бастының әйтеуір бір тынымнан дәметкен түйінді сырына ишара болып өріледі. Дүниенің күндізгі жарығынан, қым-қуат шуы, қарбалас-әбігерінен,

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

қуаныштан, ызадан, күлкіден, қайғыдан қажыған пенденің үздігіп жеткен дамыл сәті күннің аптабы, желдің аңызағынан кебірсіп көні қатқан, шаңытып шаршаған даланың түнгі қоңыр-салқын тыныштықта тыныста тауып, жым-жырт, дел-сал болып созыла солықтап жатқан қалпымен астартырылады [8, 45].

Бұл өлеңнің орысша нұсқасына да арнап жазылған ән бар. Осыған орай Абай өз тарапынан ән шығарған.

Абайдың осы бір ерекше аудармасы қазіргі таңдағы қазақ әдебиеті поэзиясында Абайдың аудармасы ерекше орын алып тұр.

1979ж. қазақ жазушысы Қ. Исабаев неміс қаласы Габельбахтағы Гетенің музейіне Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қашалып жазылған мәрмәр тақтаны және әнші М. Көшкінбаев домбырамен орындаған әннің магнит таспасын сыйға тартқан Г. Бельгер. Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңіне ән шығарған. Ән сипаты көңілге қонымды, жүрекке жылы, құлаққа жағымды. Алғашқы рет нотаға композитор Л. Хамиди 1935 жылы А. Ысқақовтың айтуы бойынша жазып алған. 1984 ж. музыка зерттеуші Қ. Жүзбасов әнші Қ. Байжановтан 1958 жылы (магнитофонға) таспаға жазылған үлгісін және М. Мұқамеджановадан жазылған нұсқасын нотаға түсірген. Қазіргі уақытта бұл әннің 3 түрі белгілі болып отыр. Сол үш нұсқаның 2 түрі ең күрделі және толық екі шумақ аумағында түгелдей мелодиялық сазымен ерекшеленеді. Екінші шумақтың әуен-сазы мен ырғағы бастапқы шумақ тармақтарының сарынының вариациялық (өзгерістермен) мәнермен өрнектелгенін аңғартады. Абай поэзия саласында ғана емес, сонымен бірге сазгерлік, ән өнерінде де лирикалық қазақ-қалалық ән жанрының жаңа түрін қалыптастырды. Абайдың композитор өнерінде сұлу үн, терең философия, ұнамды парасат, сән-салтанат, әдемі үйлесім табады. Әннің әуен сазы мен поэзия тілі гармониялық үйлесім тауып, сазы минорлық ладта қалыптасқан, ырғақ желісі мен жүйесі аралас өлшеммен ерекшеленген.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Тәкен Әлімқұлов. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1972. - 84-б.
- 2 Абай. «Бірінші том» Өлеңдер мен аудармалары. – Алматы: Жазушы, 1995. - 310-б.
- 3 Дәдебаев Ж. «Әдеби компаративистика және көркем аударма». - Алматы: Жазушы, 1995. – 311- б.
- 4 Белгер Г. Ода переводу. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 70-б.
- 5 М.Әуезов. XX-томдық жинағы. XIX-т., 1985. - 30-б.
- 6 Смағұлов Ж. Абайтану үрдістері дем берген // Ақиқат. - 2008. - №8. - 73-б.
- 7 Абдрахманов С. Төлтума мен қолтума. – Астана: Елорда, 2007. - 30-31-бб.
- 8 Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. Эссе, әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 55-б.